

ӘОЖ 94(574)
ГТАХР 03.20
DOI 10.37238/1680-0761.2021.83(3).14

¹Рысбеков Т.З., ²Зайнуллина Н.С.*

^{1,2}М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан
*Корреспондент авторы: z.nazgul16@gmail.com

E-mail: tuyakbai.rysbekov@mail.ru, z.nazgul16@gmail.com

НӘЖІМЕДЕН ЫҚСАНҰЛЫ ЕСҚАЛИЕВТІҢ ӨМІР ЖОЛЫ

Аңдатпа. Ел егемендігіне қол жеткізу жолында, тәуелсіз мемлекетімізді дамытуға, сыртқы саясатымызды тұғырландыруға ат салысқан мемлекет қайраткерлері, дипломаттарымыз жетерлік. Сондай тұлғаларымыздың бірі де бірігейі Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметіне еңбек сіңірген мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат Нәжімеден Есқалиев. Мемлекетіміздің тағдырына қатысты маңызды шешім қабылдай біліп, нағыз патриоттық қасиеттерге ие азамат Нәжімеден Есқалиев Қазақстан тарихында, оның ішінде біздің Орал өңірінің тарихындағы алар орны ерекше екенін білеміз.

Нәжімеден Есқалиевтің қоғамдық саяси қызметіннің сара жолын кенестік кезеңнен бастау алғанның біреуіміз білсек, біреуіміз біле бермейміз. Нәжімеден Есқалиевтің тәуелсіздік алған жылдардан бастап басқа мемлекеттермен жоғары деңгейде халықаралық қарым-қатынас орнатып қана қоймай, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің кеңесшісі міндетін қоса атқарды. Сонымен қатар, Нәжімеден Есқалиев «Великие звезды», «Фарватер» «Амулет» кітаптардың және еліміздің қоғамдық өмірі мен экономикалық даму мәселелерінің өзекті жақтарын талқылаған жүздеген мақала-очерктердің авторы.

Ол саяси аренада дипломат ретінде мойындалғанымен де, қоғамдық – саяси қызметінің «ақтаңдақ беттері» мүлдем айтылмады. Яғни оның қоғамдық – саяси қызметін ғылыми тұрғыда зерттеуді талап етеді.

Кілт сөздер: агроном; дипломат; қоғам қайраткері; мемлекеттік қызметі; елші; Орал облыстық әкімшілігінің басшысы; ҚР Премьер-Министрінің кеңесшісі.

Кіріспе

Елбасы Н.Назарбаев сәуірде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады» деген еді. Ел егемендігіне қол жеткізу жолында, тәуелсіз мемлекетімізді дамытуға, сыртқы саясатымызды тұғырландыруға ат салысқан мемлекет қайраткерлері, дипломаттарымыз жетерлік. Сондай тұлғаларымыздың бірі де бірігейі Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметіне еңбек сіңірген мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат Нәжімеден Есқалиев. Мемлекетіміздің тағдырына қатысты маңызды шешім қабылдай біліп, нағыз патриоттық қасиеттерге ие азамат Нәжімеден Есқалиев Қазақстан тарихында, оның ішінде біздің Орал өңірінің тарихындағы алар орны ерекше екенін білеміз.



Нәжімеден Есқалиевтің қоғамдық саяси қызметіннің сара жолын кенестік кезеңнен бастау алғанның біреуіміз білсек, біреуіміз біле бермейміз. Нәжімеден Есқалиевтің тәуелсіздік алған жылдардан бастап басқа мемлекеттермен жоғары деңгейде халықаралық қарым-қатынас орнатып қана қоймай, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің кеңесшісі міндетін қоса атқарды. Сонымен қатар, Нәжімеден Есқалиев «Великие звезды», «Фарватер» «Амулет» кітаптардың және еліміздің қоғамдық өмірі мен экономикалық даму мәселелерінің өзекті жақтарын талқылаған жүздеген мақала-очерктердің авторы.

Ол саяси аренада дипломат ретінде мойындалғанымен де, қоғамдық – саяси қызметінің «ақтаңдақ беттері» мүлдем айтылмады. Яғни оның қоғамдық – саяси қызметін ғылыми тұрғыда зерттеуді талап етеді.

Сондықтан, аталмыш тақырыптың өзектілігі еш күмән тудырмайды деп санауға болады. Ендеше, Нәжімеден Есқалиевтің өмірі мен қоғамдық саяси қызметіне ғылыми тұрғыда талдау жасап, жетістіктері мен кемшіліктерін дәйектілікпен кешенді зерттеу, тарихи тәжірибеге негізделген салықалы қорытындылар жаңаша зерделеу қажеттігін дәлелдей түседі.

Ел егемендігі мен тәуелсіздігі жолында өзіндік үлес қосып, бүгінде қазақстандықтардың абыройына бөленіп жүрген танымал тұлғалардың бірі – Нәжімеден Ықсанұлы Есқалиев. Қатардағы агрономнан бастап, Қазақстанның партия және мемлекеттік басқару органдарының бірінші басшысына дейін үлкен өмір мектебінен өткен.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Тақырып шеңберінде қарастырылған мәселелерге байланысты зерттеулерге ғылыми-теориялық талдау жасау әдісі, алынған нәтижелерді өңдеу, жинақтау әдісі және теориялық анализ жасау әдістері қолданылды.

Нәжімеден Ықсанұлы Есқалиев 1941 жылы 5 қыркүйекте Гурьев облысы Теңіз ауданында Шортанбай ауылында балықшылар отбасында дүниеге келген (кейбір мәлімет көздерінде Ресейдің Астрахань облысы Красноярск ауданы Байбек селосында дүниеге келген деп көрсетілген). Ұлы Отан соғысы басталысымен әкесі Ықсан соғысқа аттанады. Кейін ол кісі Сталинград шайқасында жараланып, елге мүгедек болып оралады. Жанұядағы барлық ауыртпалық анасы Әсиманың мойнына түседі. Осы жағдайды ескерген аталары Есқали бүкіл тума-туысты өзінің төңірегіне жинап, Қиғаш өзеннің оң жағалауындағы Байбек ауылына көшіп баруларына мәжбүрлі болады. Міне, осы кезден бастап жас Нәжімеден Ықсанұлының өмірі Астрахан жерінде сол жердің тумасы ретінде атасының тәрбиесінде өтеді. Сол себепті де кейде Нәжімеден Ықсанұлының туған жері Астрахан облысы деп аталады.

Байбек жеті жылдық орта мектебін бітіргеннен кейін Астрахандағы педагогикалық училищесін аяқтап, 1958 жылы өзі білім алған мектепке ұстаздық етеді. Бірақ ұстаздық кәсіпке көңілі толмаған Нәжімеден Ықсанұлы сырттай ауылшаруашылық техникумын аяқтайды. Оқуын жалғастыру мақсатында 1961 жылы Алматыға жол тартады. Баласының бұл ниетін әкесі толықтай қолдайды. Ондағы мақсаты бір жағынан өзінің қалаған мамандығын алсын десе, екіншіден туған жерге барсын деген ниеті еді.

Оқу бұл инемен құдық қазғандай. Және де бұл шындыққа сәйкес келеді. Ол Лениндік шәкіртақы иегері болған, ал бұл мәртебені тек лайықтыларға ғана берген. Сондай-ақ, комсомол жетекшісі болған.

Институт бойынша досы, қазіргі таңда профессор Исатай Темрешевтің естелігенен: «Ол студенттік құрылыс отрядының бірінші командирі болды, бұл республикадағы ең үздік отряд. Жазғы демалыста Нәжімеден қатарластарымен бірге Павлодар облысының шалғай ауылына барып тұратын. Студенттер мал базаларын, үйлер салды. Олар уақытты университетте тек оқу аудиторияларында емес, өмір полигонныңда өткізді. Нәжімеден Есқалиев олардың жетекшісі, командирі, тәлімгері болды. Нәжімеденде туғанынан осы командирлік қасиет болды десем қате болмас.» Нәжімеден Есқалиев үнемі ұдайы тарихи әдебиеттермен және ғылыммен айналысып, қызығушылық білдіреді. Нәжімеден Ықсанұлының айтуынша, тарих ғылымы тек танымдық емес, сонымен қатар адамды



қызықтыратын құдіретке ие. Қай заманда болса да елдің билеушілері, көсемдері мен ірі саясаткерлер тарихтың заңдылықтарын игере отырып, қоғамдық дамудың қиын-қыстау кезеңдерінде жағдайға дұрыс баға беріп, шыға білген [1].

Нәжімеден Есқалиевті институтта оқытушылық жұмыста қалдырғысы келді, бірақ ол үйіне Орал облысына отбасына жақын болу үшін сұранды. Облыстағы ең шалғай «Талов» совхозының агрономы болып бастап, ол тез арада совхоздың бас агрономы болды. Небәрі 30 жаста Жәнібек аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығы, кейін Орал облыстық ауылшаруашылық басқармасының бірінші орынбасары болды.

Қадыр Ғайсин еңбек және соғыс ардагерінің естелігінен: «60-ыншы жылдардың басы болатын. Мен ол кезде Жәнібек аудандық атқару комитетінің төрағасы болып істеймін. Сапарлардың бірінде «Талов» совхозының егін жайын аралап келем, қасымда совхоз директоры – Георгий Ефимович Панченко. Сонадайдан егін алқабының ортасында жападан жалғыз жүрген адам көрінді. Машинадан түсіп, жақындасақ өрімдей жас жігіт.

- Нәжімеден ғой, агроном-тұқым сараптаушы болып істейді, - деп, Панченко таныстырып жатыр.

Кім екенің білмесемде, егінге құмартып тұрғанын - қолындағы масақтардан байқадым. Тағы бір аңғарғаным маң далада көлік байқалмайды.

- Қалай жеттің? – деймін мен оған.

- Жол-жөнекей машина тап болып ед, дейді ол.

- Ал қалай қайтпаксын? – деймін мен тағы да одан сыр тартып.

- Тағы бірдеңе ұшырасар, -деп жауап қайтарды жас агроном.

Мен Нәжімеденмен алғаш осылай кездескен едім. Мен сол алғаш көргеннен Н.Есқалиевке үлкен үміт артқан едім. Оқ пен отты көрген адам емеспіз бе, сол көңілім мені алдамапты.

Екінші рет Нәжімеден Есқалиевті Алматыда жолықтырдым. Ол кезде астанаға мен Мәншүк Мәметова атындағы совхоздың директоры болып тағайындалуға тиісті болғандықтан барған едім. Ал, Нәжімеден болса, Жәнібек аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы болып тағайындалуы үшін министрлікке әңгімелесуге шақырылған екен. Ол бұған дейін шаруашылықтың бас агрономы болып істеп, әбден ысылып қалған, ауыл шаруашылығы министрлігінің 12 бөлімінен тегіс мүдірмей өтіп шыққан болатын [2].

Осыдан отыз жыл бұрын, 1991 жылы 15 қыркүйекте казак ұлтшылдары бастаған мыңдаған адам Орал қаласында казактардың «қайта жаңғыру» мерекесін таратты. Совет одағы құлаған тұста лаулаған бұл жанжал одан бір жыл бұрын тұтана бастаған еді.

Оған дейінгі мерейтойды, яғни Ресей тағына қызмет етудің 300 жылдығын 1891 жылы осында тойлағандары желеу болды. 1991 жылы орыс самодержавиясы деген атымен жоқ еді – яғни таққа қызмет ететін, дұрысын айтқанда, төрт ғасырлық қызметін ескеретін ешкім болған жоқ. Алайда Совет одағында мерейтой ешкімге таң болған емес, әрі Коммунистік Партия тұсында да «Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуының 250 жылдығы» іспеттес кең ауқымды мерекелер ұйымдастыруға құмар болатын.

1991 жылғы 15 қыркүйек, жексенбі күні Оралда күн бұлтты болды, күннің өзі әредік көрініп, күздің аса салқын райы байқалды. Қазақстанның әр жерінен, негізінен оңтүстіктен келген азаматтар, «Азат» қозғалысының белсенділері 13 қыркүйектегі мұнда бұрын-соңды болмаған наразылық акцияларын бастап, Оралдың орталығында үш күн бойы ереуілдеді. Қазақ белсенділері пикетке шықты. Ал 14 қыркүйекте теміржол вокзалына жер-жерден – Орынбордан, Доннан, Кубаньнан, Мәскеуден, Ленинградтан, Иркутскіден, Амурдағы Комсомолскіден казак делегациялары келіп жатты. Көрші жатқан Самара облысының казактары «ПАЗИК» автобусымен келді. «Орал қаласы бұрын-соңды осыншама казакты көрмеген еді. Олардың киімдері де әртүсті болатын: бірі мундир киген, онысы таулықтардың ұлттық киіміне ұқсап тұрды; бірі совет офицерлерінің қайта тігілген униформасын кигені анық көрініп тұрды; үлкені де кішісі де оқа, жолақтар, жұлдыз, тіпті цифр тағылған погондары бар форма киіп жүрді. «Бас қонақ – Ресей атамандар одағының төрағасы



Александр Мартынов погон тақпай, жай киініп алған, бірақ сонда да қара көк мундирінің үстінен портупейя іліп алған» деп әңгімеледі Азаттық радиосына казактардың бірі.

Сол күндердегі ахуал мазасыз болды. Жауыққан казактар (барша қауым емес, араларындағы жауыққандары) «Оралдың оң жағалауын тартып алып, ол жерде казактардың автономиясын құрамыз» деп ашық қоқан-лоққы көрсетті. Билік шын мәнісінде казактардың мерекесін өткізуге біржақты рұқсат еткен жоқ, – дейді Азаттық радиосына сұқбат берген Орал облысының бұрынғы басшысы Нәжімеден Есқалиев [3].

Орал облысының бұрынғы басшысы Нәжімеден Есқалиев «казактардың царизмге қызмет ету мерейтойын жасанды сән-салтанатпен, ештеңеге қарамастан тойламақ пиғылын ешкім қайтара алмады» деп жазады. «Бұған бірнеше ай қалғанда мен Горбачев қатысқан партия мәслихатта болдым, Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы ретінде бас хатшының өзіне сұрақ қой, «қалайша мұндай жағдайдың алдын алуға болады?» деп сұра деген кеңес берді. Сөйтіп мен мәслихаттан соң кішігірім ортада отырып: «Михаил Сергеевич, алаңдайтын нәрсе жоқ. Әрине, мерекеде тұрған ештеңе жоқ, тек от шықпаса болды» дедім. Горбачев мәселенің мән-жайын жете ұғынудың орнына маған дүрсе қоя берді. Сонда мен өз түйсігім мен жақтастарымның тәжірибесіне сүйенуден басқа амал жоғын түсіндім» дейді Нәжімеден Есқалиев «Экспресс К» газетіне берген сұхбатында [4].

«Егер де ұлтаралық қақтығыс болса, Ресейден Оралға санаулы сағаттың ішінде «бітімгерлік полкінің» танкілері енер еді. Мәскеуде ГКЧП бүлігінен кейін аласапыран заман туды, кімнің қандай ағат бұйрықты кім берерін кім біліпті», – дейді Нәжімеден Есқалиев [5].

Ашынған халықтың казактар атамандарын түгел қырып салатындықтары туралы айқайы тез тарады. Құрсау әлсірей бастаған сияқты.

«Соңғы күн, (16.06.1991.) облыс басшысы Н.Ы. Есқалиевтің кабинеті. Республикалық штабтың өкілдері төрағаның қабылдауына келді. Оларды бастап барған Орал Сәулебаев: «Ресей казактарының Ақжайық жеріне жиналуына жол бергеніңіз үшін, олардың Жайық өңірін Ресейге қосу ниетіне дәрменсіздік көрсеткеніңіз үшін, Сізді саяси басшы ретінде қазақ халқының мүддесін сатып кетті деп есептейміз. Сондықтан, халық, Сіздің өз еркіңізбен қызметіңізден кетуіңізді талап етеді!»-деді. Н.Ы. Есқалиев: - «Облыс халқының басына осындай қиындық түскенде, халықты ұйымдастырып, орыс-казактарының ойлағанын болдырмағандарыңыз үшін, сіздерге рахметімді айтамын. Ал, қойған талаптарыңыз бойынша менің жұмыстан кету, кетпеуім – ел Президентінің шешетін шаруасы» - деп, облыс басшысы одан әрі өз сөзінде казактарға қарсы өздерінің де күрескенін, олардың іс-әрекеттеріне қатысты қырық том болатын айғақтардың жиналғанын, оның барлығының жоғарыға жіберілетіндігін, бұдан былайғы жерде елінің тәуелсіздігін қорғаған «Азаттың» жігіттерін ешкімнің қудалауына жол бергізбейтінін айтты...» - деп, Орынбай Жәкібаев өзінің Азаттық кітабында жазады [6]. 1993-1994 жылдары Нәжімеден Ықсанұлы Көкшетау облысын басқаруға ауысты. Нәжімеден Ықсанұлының қай жерде, қандай қызметте болса да қол қусырып отырмағанын көреміз. Дей тұрғанмен осы қысқа мерзімдік басқару кезеңіне қатысы бар екі көріністі баяндап кетуді жөн көрдік. Біріншісі, Көкше өңірі Ақжайыққа қарағанда қазба байлықтарға молдау еді: Васильков тау-кен комбинаты, барланған қалайы, цирконий (техникада қолданатын ақ металл), т.б. Аграрлық бағыттан аграрлық-өнеркәсіптік бағытқа көшу мүмкіндіктерін қарастыра бастауы. Ол үшін шаруашылықтардың жедел дамуы, басқа да өндірістерді іздестірумен пайдалану шараларын іске асыру қолға алынды.

Қысқасы, облыс экономикасын арттыру мүмкіндігін жасайтын салалардың тиімділігін жан-жақты пайдалану мәселесі қолға алынды. Алайда, Н. Есқалиевтің ұстанып отырған талап-мақсаттары кейбір жергілікті «пысықай-лар» мен орталықтағы басшыларға ұнамады. Әсіресе, облыс басшысының жекелендіру мәселесіндегі көзқарастары мен әрекеттері көңілге «қонымсыз» болып көрінді. Н. Есқалиев сол тұста жаппай жекешелендіру дегенді желеу етіп, халықтың обалына қарамай, шетелдік алпауыттармен «түйені түгімен, жылқыны жүгімен»



жұта беретін қоғамдай коммерциялық құрылымдардың құлқына кетіп бара жатқан мемлекет мүлкін кейін қайтару және заңсыз ұйымдастырылған шағын кәсіпорындарды қайта тіркеуден өткізбей таратуға күш салады. Бұл жөнінде Президент пен Үкімет басшыларын да хабардар етеді. Бұлардың барлығы жауапсыз қалып, өз қолдауын таппайды. Оның үстіне басшының үстінен облыс еңбекшілердің «атынан» арыздар көбейеді. Бірақ бұлардың барлығы ұйымдастырылған жала екенін Республика Бас прокуратурасының тексеруі толықтай дәлелденді [7].

Екінші жағдай, осы облыста басшы болып жүргенде 1993 жылы егіс бітік шығып, оны жинау үшін Өзбекстанның тұңғыш Президенті Ислам Каримовпен қомақты көмек алды, негізінен мыңнан аса автокөлік (дәл саны 1650). Мұндай елеулі көмек көрсетуінің басты себебі Нәжімеден Ықсанұлы мен Ислам Каримов арасындағы жақсы таныстық еді, яғни 1986 жылы Н. Есқалиев Орал облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына Саяси бюрода бекіген кезде Ислам Каримов Өзбекстанға Тұңғыш Президент болды, ал Нәжімеден Есқалиев 1994 жылы Өзбекстанға Қазақстан Республикасының елшісі болып барды. Сөйтіп, Нәжімеден Ықсанұлы 1994 жылдан бастап Өзбекстан мен Тәжікістан Республикаларына, содан кейін Украинаға, қосымша Молдоваға төтенше және өкілетті елші болып тағайындалды.

Нәжімеден Есқалиев 1999 жылдан ТМД елдерінің атқарушы комитетінің төрағасының орынбасары, қауіпсіздік мәселелері бойынша департаментінің директоры қызметін атқарды. Бұл ортаның басқару орталығы Минск қаласында орналасқан еді.

Зерттеу нәтижелері

Нәжімеден Есқалиев үнемі ұдайы тарихи әдебиеттермен және ғылыммен айналысып, қызығушылық білдіреді. Нәжімеден Ықсанұлының айтуынша, тарих ғылымы тек танымдық емес, сонымен қатар адамды қызықтыратын құдіретке ие. Қай заманда болса да елдің билеушілері, көсемдері мен ірі саясаткерлер тарихтың заңдылықтарын игере отырып, қоғамдық дамудың қиын-қыстау кезеңдерінде жағдайға дұрыс баға беріп, шыға білген.

Нәжімеден ағаның ерекше көңіл қойып, қызығушылық туғызған тақырыптары орыс-қазақ қатынастары, М. Тынышпаев, Ә. Бөкейханов, С. Бабажанов, М. Дулатов, С. Сейфулин, Ш. Уәлиханов, А. Левшин, Н. Рычков, І. Есенберлин, С. Зиманов, Л. Гумилев, Б. Қаратаев, С. Меңдешев, О. Исаев, Ә. Әйтиев, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтар еңбектері, олар жөніндегі мәліметтер еді.

Орал облысында болған кезінде Нарын құмдарына арнайы экспедициялар ұйымдастырып, хандар мен Салықтың бейіттерін тапты. Көкшеде жүргенде С. Сәдуақасов, М. Жұмабаев творчестволарына байланысты көпшілік алдында арнайы баяндамалар жасады. Өзбекстанда елші болып жүргенде елдің тарихи, көркем қалаларымен танысып қана қойжан жоқ, сонымен бірге Қазақстан тарихына қатысы бар мәліметті жинады. Осындай жұмыстардың нәтижесінде, өзбек жерінде ұлы бабалардың сүйектері, олардың жерленген орындары анықталды. Мәселен, Ташкентте Төле бидің, Навоиге жақын жердегі Нұратта Әйтеке бидің жерленген жерлері табылды. Жинақталған мәліметтер бойынша, Хиуа маңында Сырым, Самарқанда Жалаңтөс пен Есет батырлардың бейіттері анықталды [1].

Әрі көршілес, әрі бауырлас халықтан үйренетін үлгі-өнеге, салт-дәстүрлер, халықтық қасиеттер мол деп есептеймін. Еңбексүйгіштігі, аздан да, көптен де үнемдей алатын ыждаһаттылығы, ұқсатқыштығы, қатал тәртіпке тез бейімделе алғыштығы, қарапайымдылығы мен бейнетқорлығы сияқты қасиеттеріне сүйсінемін. Оның үстіне әрбір өзбек – дипломат. Бұл қасиеттер өзбек ағайындардың өтпелі кезеңнің қиындықтарынан тез шыға алатындығына кепілдік бере алады. Экономикалық ахуалға келер болсақ, мәселен, Өзбекстан өнеркәсіп өнімдерін шығару жөнінен ТМД елдері бойынша ең алдыңғы қатарға шықты. Жалпы өзбек ағайындардың нарықтық қатынастар кезеңіндегі аса сақ та сергек іс-қимылы, әсіресе, өндірісті ауылға апаруға күш салып жатқандығынан да анық байқалады. Әндіжандағы шағын ғана Асака қаласында іске қосылған «УЗДЭУавто» өзбек-кәріс



бірлескен кәсіпорынның өзі неге тұрады. Мемлекетте шай ішетін пиала, кілемнен бастап жеңіл машина, ұшаққа дейін шығарылып жатыр. Тағы бір жай ғана мысал. Өзбектер Ташкент әуежайын шетелдіктерге сатқан жоқ, керісінше, шетелдердің жәрдемімен әуежайын кісі қызығарлықтай етіп жөндеп, көріктендіріп алды. Қазір бұл жерден әлемнің 30-дан астам еліне әуе қатынасы ашылған.

Біріншіден, мені бұдан бұрын Өзбекстан мен Тәжікістан Республика-ларына, одан кейін Украинаға төтенше және өкілетті елші қызметіне жіберуін Президентіміздің үлкен сенімі деп білемін. Бұл халықтың да сенімі. Екіншіден, бұрынғы кезде дипломатиялық қызметкерлер әзірлеумен тікелей шұғылданбаған жас тәуелсіз мемлекеттерде шетелдердегі өз өкілдерін түрліше деңгейдегі басшылық қызметтерде шетелдердегі өз өкілдерін түрліше деңгейдегі басшылық қызметтерде ысылған, жеткілікті тәжірибе жинақтаған, өмірден көрген-түйгені мол басшы қызметкерлерден іріктелуі соңғы үш-төрт жылдың ішінде өзін-өзі ақтай бастағанын көрсетуде. Болашақта біздің еліміздің дипломаттары да кәсіби шеберлігі, түрліше тіл игеруі, басқа да қажетті тәжірибелер жинақтау жағынан сапалық дәрежеге көтерілетіндігіне сенімдімін. Мысалға, Иран Республикасында Елшілік қызмет атқарып келген белгілі қоғам қайраткері, ғалым Мырзатай Жолдасбековтың Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаевтың бұйрығымен Жоғары дипломатиялық мектептің ректоры болып тағайындалуын өте оңды шешім болды деп бағалаймын.

Елшілік – үлкен өнер. Көп қажыр-қайратты, ел мүддесі үшін адал да беріле қызмет жасауды, саяси оқиғалар мен құбылыстарға талдау жасай біліп, шешім қабылдау қабілетін, табандылықты, көрегендікті талап ететін өнер. Әсіресе қазіргідей тәуелсіздігіміз қаз тұра бастаған кезеңде елші атқарар парыз жүгі ауыр, қызметі жауапты. Мен өзімнің барша әріптестеріме әрі күрделі, әрі қиындығы мол қызметінде жеміс тілеймін [8].

Қорытынды

Қорыта келе, Нәжімеден Ықсанұлы өзінің үлгілі еңбек жолында көптеген марапаттарға ие болған. Оған 2003 жылы «ҚР дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қайраткері» мәртебелі атағы берілді. КСРО, Қазақстан Республикасы, сондай-ақ шет елдердің барлығы 13 мемлекеттік наградаларымен марапатталған. Нәжімеден Есқалиевке 1999 жылы Киевте ЮНЕСКО-ның Халықаралық кадр академиясының корреспондент-мүшесі ғылыми атағы берілді. Нәжімеден Есқалиев ҚР Төтенше және өкілетті елшісі мәртебелі атағының иегері, КСРО Жоғарғы Кеңесі мен КСРО Халық депутаты болып сайланған. Нәжімеден Есқалиев «Великие звезды», «Фарватер» «Амулет» кітаптардың және еліміздің қоғамдық өмірі мен экономикалық даму мәселелерінің өзекті жақтарын талқылаған жүздеген мақала-очерктердің авторы.

Нәжімеден Ықсанұлының Орал облысындағы басқару жылдарында қиын жағдай туғызған оқиғалар да орын алды. Оған кінәлі – жергілікті және одақ көлеміндегі сепаратистік әрекетті басшылыққа алған қазақтардың әрекеті. Бұл уақиға «1991 жылғы қыркүйек уақиғасы» деген сипатқа ие болды. Өздерінің патша заманындағы сословиелік ерекшеліктерін қалпына келтіруге тырысқан казак сепаратистері елдегі саяси жағдайды пайдаланып, Одақ көлеміндегі басшылықтың «жасырын» қолдауымен Орал, Атырау, яғни Жайық-Каспий өңірін бөліп алу әрекетін, арам пиғылдарын іске асыруға әрекет жасады. Бұл кездегі ахуалды, «казактар қоғамы» мен «Қайта өрлеу комитетінің» біріккен арандату әрекетін Нәжімеден Ықсанұлы білді және ашық мәлімдеді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Рысбеков Т. Таңдамалы шығармалар – Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары, 5 томдық. – Орал, - 2017.
- [2] Файсин Н. «Абзал азамат» // Жайық үні. – 2001. – 25 қазан.



[3] Карабек Е. Азаттық радиосы / 1991 жылғы Орал оқиғасы. Даудың басы. [Электронды ресурс] Қолдану режимі: https://www.azattyq.org/a/oral_oqighasy_uralskie_sobytia_uralsk_events_september_1991

[4] Куликов В. Экспресс-К. – Орал, - 2006.

[5] Карабек Е. Азаттық радиосы / 1991 жылғы Орал оқиғасы. Жанжалдың шарықтауы [Электронды ресурс] Қолдану режимі: https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_oral_kazak_kazakh_conflict_1991

[6] Сисенбай Нұрлыбай Қошаманұлы. 1991 жылғы «Орал көтерілісінің» қауіпті тұстар / Абай ақпарат. – 2011 жылы.

[7] Қуатов Б. Нәжімеден Есқалиев: «Мен ешқашан қол құсырып, отырған емеспін» // Информбиржа. – 2011. – 25 тамыз.

[8] Ықсанғали С. «Мен жастарға сенемін. Нәжімеден Ихсанұлы Есқалиевпен сұқбат» // Орал өңірі. – 2007. – 19 маусым.

REFERENCES

[1] Rysbekov T. (2017). *Tañdamaly syğarmalar – Tarihi tұлғалар: ýaqyt jáne ömir joldary* [Selected works - Historical figures: time and way of life] (Vols. 1-5). Oral [in Kazakh]

[2] Ğaisin N. (2001) *Abzal azamat* [Preferred citizen] *Jaiyq ünı* [in Kazakh]

[3] Karabek E. *Azattyq radiosy / 1991 jylǵy Oral oqıǵasy. Daýdyń basy.* [The events of 1991 in Uralsk. The beginning of the dispute] Retrieved from https://www.azattyq.org/a/oral_oqighasy_uralskie_sobytia_uralsk_events_september_1991 [in Kazakh]

[4] Kulikov V. (2006) *Ekspress-K.* [Express-K]. Oral [in Kazakh].

[5] Karabek E. *Azattyq radiosy / 1991 jylǵy Oral oqıǵasy. Janjaldyń şaryqtaýy* [The events of 1991 in Uralsk. The culmination of the conflict] Retrieved from https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_oral_kazak_kazakh_conflict_1991 [in Kazakh].

[6] Sisenbai Nūrlybai Qoşamanūly. (2011). 1991 jylǵy «Oral köterılısınıń» qaýıptı tūstary [Dangerous aspects of the "Ural Uprising" of 1991] *Abai aqparat* [in Kazakh].

[7] Qyátov B. (2011). *Näjimedен Esqaliev: «Men eşqaşan qol qýsyryp, otyrǵan emespin»* [Nazhimeden Iskaliev: "I have never sat down"] *Informbirja* [in Kazakh].

[8] Yqsanǵalı S. (2007). «Men jastarǵa senemin. Näjimedен İhsanūly Esqalievpen sūqbat [I believe in young people. Interview with Nazhimeden Ihsanovich Iskaliev] *Oral öñiri* [in Kazakh].

Рысбеков Т.З., Зайнуллина Н.С.

ЖИЗНЕННЫЙ ПУТЬ НАЖИМЕДЕНА ИКСАНУЛЫ ИСКАЛИЕВА

Аннотация. Есть много государственных деятелей и дипломатов, которые внесли свой вклад в развитие нашего независимого государства и укрепление нашей внешней политики. Одним из таких людей является заслуженный государственный и общественный деятель, дипломат Нажимеден Искалиев. Мы знаем, что Нажимеден Искалиев занимает особое место в истории Казахстана, в том числе и в истории нашего Уральского региона.

Многие из нас не знают, что карьера Нажимеда Искалиева началась в советское время. С момента обретения независимости Нажимеден Искалиев не только установил международные отношения на высоком уровне с другими странами, но и работал советником Премьер-Министра Республики Казахстан. Кроме того, Нажимеден Искалиев является автором книг «Великие звезды», «Фарватер», «Амулет» и сотен статей и очерков, в которых обсуждаются актуальные вопросы общественной жизни и развития страны.

Хотя он был признан дипломатом на политической арене, «чистые страницы» его общественной и политической деятельности не упоминались вовсе. То есть требует научного изучения его общественно-политической деятельности.

Ключевые слова: агроном; дипломат; общественный деятель; Государственная служба; посол; Глава администрации Уральской области; Советник Премьер-Министра Республики Казахстан.



Rysbekov Tuyakbai, Zainullina Nazgul**THE WAY OF NAZHIMEDEN IKSANULY ISKALIYEV**

Annotation. There are many statesmen and diplomats who have contributed to the development of our independent state and the strengthening of our foreign policy. One of these people is the honored statesman and public figure, diplomat Nazhimedden Iskaliev. We know that Nazhimedden Iskaliev occupies a special place in the history of Kazakhstan, including in the history of our Ural region. Many of us do not know that Najmed Iskaliev's career began in Soviet times. Since gaining independence, Najimedden Iskaliev not only established international relations at a high level with other countries, but also worked as an adviser to the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan. In addition, Nazhimedden Iskaliev is the author of the books "Great Stars", "Fairway", "Amulet" and hundreds of articles and essays discussing topical issues of public life and the development of the country. Although he was recognized as a diplomat in the political arena, the blank pages of his social and political activities were not mentioned at all. That is, it requires a scientific study of his social and political activities.

Keywords: agronomist; diplomat; public figure; Public service; ambassador; Head of the Administration of the Ural Region; Advisor to the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 94 (574)

ҒТАХР 03.20

DOI 10.37238/1680-0761.2021.83(3).15

¹Сдыков М.Н.*, ²Нагиева Б.К.¹М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан² А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясы, Орал, Қазақстан

*Корреспондент авторы: msdykov@mail.ru

E-mail: msdykov@mail.ru, missnagieva@mail.ru

ОРАЛ ҚАЛАСЫНДА ҚҰРЫЛҒАН 152-ШІ ДЕРБЕС АТҚЫШТАР БРИГАДАСЫ

Аңдатпа. Сталинград шайқасы Ұлы Отан соғысындағы басты шайқастардың бірі. Сталинград шайқасы мен Батыс Қазақстанның қорғаныс сызығы бар болғаны 200 шақырымды бөліп тұрды. Мақалада Орал қаласында жасақталған 152-ші дербес атқыштар бригадасының соғыс барысына елеулі бетбұрыс әкелген Сталинград шайқасына қатысқандығы және 152-атқыштар бригадасының Отан қорғауда өткен айбынды да даңқты жорық жолы және оның ержүрек жауынгерлерінің қан майдандағы жанқиярлық ерліктері баяндалады. Бригаданың қалыптасуына Мемлекеттік Қорғаныс Кеңесінің қаулысы және КСРО Қорғаныс Халық Комиссариатының 1941 жылғы 20 желтоқсандағы директивасы негіз болған. Автор Сталинград шайқасы барысындағы қорғаныс пен қарсы шабуылдар кезінде 152-ші дербес атқыштар бригадасы құрамында шайқасқан жерлестеріміздің қалмақ даласында қасық қаны қалғанша қанды шайқасқа түскен және қаза болған жерлестермен Халхута ауылындағы бауырластар зираты туралы мәліметтер береді.

Кілт сөздер: Ұлы Отан соғысы; Орал қаласы; 152-ші дербес атқыштар бригадасы; Сталинград шайқасы; Халхута; шайқас алаңы; бауырластар зираты; деректер; естеліктер.

Кіріспе

Ғалым - тарихшы, өлкетанушы П.Р.Букатиннің «Боевой путь 152-й отдельной стрелковой бригады - 118-й Мелитопольская краснознаменная Ордена Кутузова II степени стрелковой дивизии», В.П.Скоробогатовтің «28-я в боях за Калмыкию», П. С. Беланның «Казахстанцы в битвене Волге» атты еңбектері, архив құжаттары, баспасөз мәліметтері арқылы Оралда жасақталған 152-ші дербес атқыштар бригадасының Астрахан бағытындағы қорғаныс ұрыстары, соның ішінде Сталинград қорғанысы мен қарсы шабуылға қатысқан жауынгерлер ерлігін талдау болып отыр.

Зерттеу материалдары мен әдістері

1942 жылдың жазында соғыстың ең ірі сұрапыл шайқасы Дон мен Еділ арасындағы аумақта жүріп жатты. Гитлерлік әскери басшылық армияның «Б» тобына «Фишрейер» операциясын жүзеге асыруды ұсынып, соның нәтижесінде Сталинградты басып алып, одан Астраханға шығып, Еділдің негізгі арнасындағы әскери қимылдарды тәмамдауға ұмтылды.

Бұл аумақтарды басып алу фашистердің Еділ бойындағы елдің оңтүстігіндегі негізгі көлік артериясы бақылауына алып келер еді. Өйткені, Еділ бойымен Қазақстаннан бидай, Бакуден мұнай, Донбасстан көмір әкелінді. Төменгі Еділ аймағын басып алудың неміс жоспары «Фишрейер» деп аталды [1, б.175].

Ұлы Отан соғысы кезінде Халхута ауданында қызу шайқастар болды. Астрахань бағытындағы «А» армия тобының неміс әскерлерінің жазғы шабуылы кезінде 1942 жылы 28



тамызда Вермахттың 16-шы моторлы дивизиясы, құрамында екі моторлы полк, артиллерия полкі және 116-шы танк батальонының 53 танкі Яшкул аймағында шабуылға шықты, нәтижесінде 1942 жылы 31 тамызда Хулхутаны немістерді басып алды. Ол бүкіл кеңесгерман майданында неміс әскерлері басып алған ең Шығыс нүкте болды.

1942 жылы 31 тамызда Сталинград майданының құрамында Жоғарғы Бас қолбасшылық ставкасының резервтерімен күшейтілген Сталинград әскери округінің бөлімшелерінен 28-ші армия құрылды. Оның қолбасшы - генерал-лейтенант В.Ф. Герасименко, армия бөліктері хулхута-Юста- Ракотаевская станциясы ауылдарының желісінде неміс - румын әскерлерінің алға жылжуын тоқтатты. Кейін Хулхута ауданында майдан сызығы тұрақтанды[2, б.231].

28-ші армияның құрамына Хулхута аймағында қорғаныс шайқастарын жүргізетін кеңестік бөлімдер мен бөлімшелер кірді. Оның құрамына Орал қаласында жасақталған 152-ші дербес атқыштар бригадасы да кірді. Командирі - полковник Рогаткин, комиссары - С.Мартынов. 152-ші дербес атқыштар бригадасы құрамына Алматы, Ақтөбе, Гурьев, Қызылорда және тағы да басқа облысыстар мен өңірлерден алынған жауынгерлер құрады[3].

152-ші дербес атқыштар бригадасы мен 34 гвардиялық атқыштар дивизиясы Астархань қаласы маңы ұрысында және қалмақ даласында жауды жеңуде шешуші рөл атқарды.

1942 жылы 2 қыркүйекте Сталинград әскери округ №6 бұйрығы бойынша 152-ші дербес атқыштар бригадасына, 107-ші атқыштар полкіне және 565-ші танк батальонына Халхута ауданына шығып, жауды қоршап жоюды тапсырды[4, б.499].

Бұл ұрыста ерекше батылдық көрсеткен комсомол, артиллерист А.Жамалов және қару-жарақ командирі, кіші сержанттар Михайлов пен Пестриковтар айрықша көзге түсті. Мергендігімен ерекше танылған олар 4 неміс танкісін істен шығарды, содан кейін өздерінің танкистерімен бірге дұшпан батареясының оқ атқылауын тоқтатты және бірнеше оқ ату нысандарын жойды. Ұрыстар барысында шығындар да болды. Капитан Паниннің қолжазбасы Ресей архивінде сақтаулы. Соның ішінен қаза тапқан, хабарсыз кеткендер тізімінде Батыс Қазақстан облысынан Орал қаласы, Тасқала, Орда, Чапай және тағы да басқа аудандардан алынған 30 жауынгердің есімдерін анықтап отырмыз[5].

Неміс-фашистерден тартып алынған окоптардың бірінен минометті ротаның саяси жетекшісі, жаудың танкілік десантімен батыл бетпе-бет айқасып, ауыр жараланған И.Я.Зиновьевтің мүрдесінің қалдықтары табылды. «Фашистік хайуандар қолынан өртеліп, қаза болған саяси жетекшіні еске алуға арналған митингіде командирлер мен солдаттар жаудан аса қатыгездікпен кек қайтаратындығына ант берді»- деп баяндайды «Правда» газеті [6, б. 60].

5 күн ішінде жаудың 400 солдаты мен офицерлерінің, 18 танкісі мен 6 брондалған машинанысының көзін жойып, жауынгер жолдастарының қазасы үшін берілген антты бригада жауынгерлері абыроймен орындады.

Бригада артиллеристері жаудың 2 артиллериялық және 3 минометтік батареясын істен шығарды. Коммунист И.Сипаловтың басшылығымен жасалған танкіге қарсы қарудың тиімді расчетпен құрылуы оларға батыл іс-қимыл жасауға мүмкіндік берді.

Артиллеристер М.М.Гоглачев, С.Г.Баранов, Ш.Каримов, Л.В.Бакшиев, П.Рябокосьдар майдан даласындағы жау танкілерін ата бастайды. Әскери ұрыс кезінде 4 гитлерлік танкіні жойған батыр И.Сипалов ерлік жасап қаза табады[7, б 52].

Қыркүйектің 23-нен 24-не қараған түнінде 2 атқыштар және минометті батальон шабуылға шықты, жаудың күшті қарсылығына қарамастан оларға тойтарыс беріп қана қоймай, окоптардың бірінші шебін басып өтіп, Хулхута етегіне бекініп үлгерді. Бұл соғыста кіші сержант В.Макачченконың минометшілер расчеті қайсарлық пен батылдық танытып 180 гитлершілерді, 4 миномет, 3 станкілі пулеметті жойды және 7 пулеметтің ұяшықтары талқандайды.



Жаудың Астраханды оңай жаулап аламыз деген жоспары осылай күйреді. Азамат соғысының ардагерлері 1942 жылдың 4 қарашасында Астрахан қалалық комитеті және Қалмақ обкомпартиясы, Совнарком мен Қалмақ АКСР-і Жоғары Кеңесі Президиумы қалаға қиыр шығыстан кіру үшін болған ұрысқа белсенді қатысқаны үшін бригаданы Қызыл Тумен марапаттады және бригада жауынгерлеріне Астрахан қаласына жауды кіргізбеуді, Калмыкиядан неміс басқыншыларын қуып шығуды тапсырды.

1942 жылдың 20 қарашасында таңда бригада бөлімшелері шабуылды бастап, жаудың салып қойған қорғаныстарын айналып өтіп, тез арада күшейтілген Сян-Цик пунктігін өздеріне қаратады. Хулхуттаны Элистамен байланыстыратын жолды кесіп тастайды.

Батыс Қазақстан облысы Приуралье ауданының Красновский ауылының тумасы, танкіге қарсы қарудың (ПТР) мергені ефрейтор Н.Курмаевтың ұрыста атқыштардың іс-қимылына кедергі келтіріп отырған жаудың станкілі пулеметін шеберлікпен жойған[8].

Калмыкияны азат ету кезіндегі ұрыста өз бөлімінен тыс жерде, роталық комсомол ұйымының хатшысы, Қазақстаннан шыққан сержант Исса Айтановтың батырлығы мәлім болды. Ол Сталинград майданында мергендер қозғалысының ұйымдастырушысы болған. 26 немістің көзін жойған. Ол жауды тек снайперлік винтовка емес басқа да қару көмегімен жоюға болатындығын көрсетті. (Сур.1).

Шабуылдаушы 28-ші армияның құрамында болған бригаданың сәтті жүргізілген әскери қимылдарының нәтижесінде жаудың Яшкульдегі күшті қорғалған тірек пунктііндегі немістердің моторлы дивизиясына жойқын соққы берілді. Осының нәтижесінде майдандағы басқа армияларға қосымша көмек келіп, Сталинградтағы Паулюс армиясын қоршауды аяқтауға мүмкіндік туды. Сонымен қатар бұл жағдай сыртқы майданның жасақталуына да әсер етті[9].

1942 жылдың 31 желтоқсанында солтүстіктен орап өту маневры арқылы бригада жауынгерлері қалмақ халқына берілген анттарын абыроймен орындады. Олар Элистаны жаудан азат етті. Қаңтардың ортасына қарай Маньч өзеніне шықты, ал 22 қаңтарда басқыншыларды Сальскіден қуды. 8 ақпанға қараған түні 152-дербес атқыштар бригада жауынгерлері мен офицерлері алғашқылардың бірі болып Дондағы Ростовқа қарай шабуылға шықты.

Қазақстандық 152-атқыштар бригадасымен болған ұрыстарда 2 мыңнан астам солдаттары мен офицерінен және 18 танкісінен айырылған жау Астраханға шабуыл жасау әрекетінен бас тартты.

1943 жылғы майдың аяғында аз уақытқа орнаған тыныштық кезінде бригада резервке шығарылып, Ростов облысының Мясников ауданының Лениванселосына жеткенде бригада өз қатарын толықтырып, 118-атқыштар дивизиясы болып қайта құрылды[10, б.22].

Қорытынды

Оралда құрылған 152-ші дербес атқыштар бригадасының Ұлы Отан соғысы барысындағы ерлік жолы туралы мақалалар мен зерттеулер аз жазылғанымен оның ержүрек жауынгерлерінің қан майдандағы ержүрек ерліктері мұрағат деректері мен тарих парақтарында осылай сайрап жатыр. Отан қорғау жолында қасық қаны қалғанша қиян кескен ұрыс жүргізіп, қан майданда қаза тапқан оғландарды жас ұрпақ әруақытта естен шығармас.

Ұлы Отан соғысы кезінде шайқаста қаза тапқан 28-ші армияның жауынгерлеріне арналған Халхута ауылында бауырластар зираты бар. Ескерткіш 1982 жылы орнатылған. Мемориал авторлары-сәулетшілер Н.Х. Бораев, С. Е. Курнеев, В. Б. Гирляндиков, Э. Е. Лиди-Горяев, М. Б. Пюрвеев. 2009 жылы мемориалдық кешен Қалмақ Республикасының мәдени мұра объектілерінің тізіміне енгізілген. (№254).(Сур.2)



1-сурет. 152-атқышатр бригадасының жауынгері Исса Айтанов.

Ол туралы «Красное знамя» газетінде былай деп жазылған: «үш шайқаста 26 басқыншыны жойған батыл сержант Исса Айтановты Қызыл Армия мақтан тұтады».



2-сурет. Бауырластар зираты

Ескерткіш орналасқан аумақта неміс әскерлерінің Астраханға қарай жылжуы тоқтатылды. 28-ші Армия жауынгерлеріне арналған мемориалдық кешен-Қалмақ Республикасы Яшкуль ауданы Хулхута елді мекенінен шамамен 2 шақырым жерде А154 жолында орналасқан.

ӘДЕБИЕТ

[1] "Великая Отечественная война Советского Союза.1941-1945». Қысқаша тарих. Воениздат, Мәскеу, 1984ж. [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі <http://militera.lib.ru/h/gpwwsh1/index.html/>

[2] М. М. Козлова «Двадцать восьмая армия» // Великая Отечественная война, 1941-1945: энциклопедия // . Москва: 1985.- 231-бет

[3] РФ ҚМОА жеткізу көзінің атауы. Ақпарат көзі қорының нөмірі 58. Ақпарат көзі тізімдемесінің нөмірі 18001. Ақпарат көзі ісінің нөмірі 1265. [Электронный ресурс]. – Қол жеткізу режимі (<http://www.obd-memorial.ru/html/index.html>).



[4] К.К.Рокоссовского «Великая победа на Волге» / К.К.Рокоссовского. – М., 1965, бет. 499; РФ ҚМОА, ф. 1324, оп. 1, д.1.

[5] «Выписка из журнала боевых действий 152 осбр» Сипаттайды кезең 26.08.1942 - 24.10.1942 ж. әскери қимылдар Журналы. Құжаттың жасалған күні: 24.10.1942 ж. Мұрағат: РФ ҚМОА, Қор: 442, тізімдеме: 8465, іс: 14-1, істегі құжаттың басталу парағы: 1 Құжат авторлары: 152 осбр, Капитан Панин.

[6]. В.П.Скоробогатовтің «28 –я в боях за Калмыкию» / В.П.Скоробогатов. – Элиста, 1968, 60 бет.

[7] В. П. Скоробогатовтың «28 –я в боях за Калмыкию» / В.П.Скоробогатов. – Элиста, 1968, 52-бет.

[8] П. Р. Букаткин «На левом фланге Сталинградского фронта» / П. Р. Букаткин// "Приуралье", №19. 05.02.1993ж

[9] К.К.Рокоссовского «Великая победа на Волге» /К.К.Рокоссовско. – Москва, 1965, 293-бет.

[10] П. Р. Букаткин "От Уральска до Эльбы и Праги" / П. Р. Букаткин. – Уральск 1994ж, 22-бет.

REFERENCES

[1] *Velikaia Oteşestvennaia voina Sovetskogo Soiuz.1941-1945 (1984) [The Great Patriotic War of the Soviet Union. 1941-1945]. Qysqaşa tarih. Voenizdat, Mäskeu, Retrieved from <http://militera.lib.ru/h/gpwwsh1/index.html/> [in Kazakh].*

[2] Kozlova M. M. (1985) *Dvadsat vosmaia armia // Velikaia Oteşestvennaia voina, 1941-1945 [Twenty-eighth Army // The Great Patriotic War, 1941-1945] Moskva [in Russian].*

[3]. RF ҚМОА jetkizu köziniñ атауы. Ақпарат көзі қорының нөмірі 58. Ақпарат көзі тиздемесінің нөмірі 18001. Ақпарат көзі ісінің нөмірі 1265 [Name of the source of delivery of the Central Archive of the Ministry of Defense of the Russian Federation] Retrieved from <http://www.obd-memorial.ru/html/index.html> [in Kazakh].

[4]. Rokosovski K.K. (1965) *Velikaia pobeda na Volge [The Great Victory on the Volga] Moscow. [in Russian].*

[5]. *Osbr 152 soğys jýrnalyñan úzindi 26.08.1942 jylđan 24.10.1942 jylğa deingi kezeñdi sıpattaydy. Qujattýñ jasalğan kúni: 24.10.1942 j. Murağat: SAMO, Qor: 442, tizimdeme: 8465, is: 14-1, istegi qujattýñ bastapqy parağy: 1 Qujat avtorlary: 152 osbr, Kapitan Panin [Extract from the combat log 152 OSBR] [in Kazakh].*

[6]. Skorobogatov V. P. (1968), *Qalmaqia úshin shaiqastarda 28 –shi [28th in the battles for Kalmykia] – 60, Elista. [in Russian].*

[7]. Skorobogatov V. P. (1968), *Qalmaqia úshin shaiqastarda 28 –shi [28th in the battles for Kalmykia] – 52, Elista. [in Russian].*

[8]. Býkatkin P. R. (1993) *Stalingard maidanyñ sol qaptalynda [On the left flank of the Stalingard Front], 19, Oral mañy [in Russian].*

[9]. Rokossovsku K. K. (1965). *Edilgegi Uly Jenis [The Great Victory on the Volga] Mäskey [in Russian].*

[10]. Býkatkin P. R. (1994) *Oraldan Elba men Pragağa dein [From Uralsk to Elba and Prague] Oral [in Russian].*

Сдыков М.Н., Нагиева Б.К.

152-Я ОТДЕЛЬНАЯ СТРЕЛКОВАЯ БРИГАДА, СФОРМИРОВАННАЯ В Г. УРАЛЬСКЕ

Аннотация. Сталинградская битва – одно из главных сражений в Великой Отечественной войне. Линия обороны Сталинградской битвы и Западного Казахстана разделяла всего 200 километров. В статье рассказывается об участии 152-й отдельной стрелковой бригады, сформированной в Уральске, и о доблестном и славном походе 152-й



стрелковой бригады на защиту Отечества и о самоотверженном подвиге ее отважных воинов на кровавом фронте. Основанием для формирования бригады послужило постановление Государственного Совета обороны и директива Народного Комиссариата Обороны СССР от 20 декабря 1941 года. Автор дает сведения о братских могилах селе Халхута, погибших и вступивших в кровопролитную битву на калмыцких степях наших земляков, сражавшихся в составе 152-й отдельной стрелковой бригады в период обороны и контрнаступления в ходе Сталинградской битвы.

Ключевые слова: Великая Отечественная война; г.Уральск; 152-я стрелковая бригада; Сталинградская битва; Халхута; поля битвы, братские могилы, источники, воспоминания.

Sdykov M. N., Nagieva B. K.
152ND RIFLE BRIGADE, FORMED IN URALSK

Annotation. The Battle of Stalingrad is one of the main battles in the Great Patriotic War.

The line of defense of the Battle of Stalingrad and Western Kazakhstan was separated by only 200 kilometers. The article tells about the participation of the 152nd Rifle Brigade, formed in Uralsk, in the Battle of Stalingrad, which brought a significant turn in the course of World War II, about the valiant and glorious campaign of the 152nd Rifle Brigade to defend the Fatherland and about the selfless feat of its brave soldiers on the bloody front. In general, the basis for the formation of the brigade was the resolution of the State Defense Council and the directive of the People's Commissariat of Defense of the USSR of December 20, 1941. Grave graves and mass graves in the village of Khalkhuta, who died and fought in the bloody battle on the Kalmyk steppes of our countrymen, who fought as part of the 152nd Rifle Brigade during the defense and counteroffensive during the Battle of Stalingrad.

Keywords: The Great Patriotic War; Uralsk; 152-I Rifle Brigade; The Battle of Stalingrad; Khalkhuta; battlefields, mass graves, sources, memories.